



П И О Н Е Р

Март-Апрель

1953 жыл

№ 4

СТАЛИН

Көргем жоқ тұрмыс қыспағын,
Өмірім — қызық, ең бақыт.
Мәпелеп бізді Сталин
Мейірін төкті әр уақыт.
Көркейді елім күн сайын,
Орындап көсем нұсқауын.
Өлген жоқ, тірі Сталин,
Жеңімпаз туын ұспадым,
Көзбенен шолып кең елді,
Бөбекке жайып құшағын,
«Ел ұлы бол — деп, — өнерлі!»
Тұр мәңгі күліп Сталин!

З. Ыбраев.



Ленин—Сталин ісі үшін күреске дайын бол!



ПИОНЕР

№ 4

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің
пионерлер мен мектеп оқушыларына
арналған әдеби-көркем және
публицистикалық журналы.

МАРТ—АПРЕЛЬ

1953 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 15 жыл.



Иосиф Виссарионович Сталин

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінен, ССР Одағының Министрлер Советінен және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумынан

*ПАРТИЯНЫҢ БАРЛЫҚ МҮШЕЛЕРІНЕ,
СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ БАРЛЫҚ ЕҢБЕКШІЛЕРІНЕ*

Қымбатты жолдастар және достар!

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, ССРО Министрлер Советі және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы ССР Одағының Министрлер Советінің Председателі және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Секретары Иосиф Виссарионович СТАЛИННИҢ 5 мартта кешкі 9 сағат 50 минутта ауыр науқастан кейін қайтыс болғанын партияға және Совет Одағының барлық еңбекшілеріне аса зор қайғылы сезіммен хабарлайды.

Лениннің серігі және оның ісін данышпандықпен алға апарушы, Коммунистік партия мен совет халқының кемеңгер көсемі және ұстазы — Иосиф Виссарионович СТАЛИННИҢ жүрегінің соғуы тоқтады.

СТАЛИННИҢ есімі — біздің партиямыз үшін, совет халқы үшін, бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері үшін шексіз қымбат. Ленинмен бірге СТАЛИН жолдас коммунистердің қуатты партиясын жасады, оны тәрбиеледі және шынықтырды; Ленинмен бірге СТАЛИН жолдас Ұлы Октябрь социалистік революциясының дем берушісі және көсемі, дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің негізін салушы болды. Лениннің мәңгі жасайтын ісін алға бастыра отырып, СТАЛИН жолдас совет халқын біздің елде социализмнің бүкіл дүниежүзілік — тарихи жеңісіне жеткізді. СТАЛИН жолдас біздің елді дүниежүзілік екінші соғыста фашизмді талқандаған жеңіске жеткізді, мұның өзі бүкіл халықаралық жағдайды түбірінен өзгертті. СТАЛИН жолдас партияны және бүкіл халықты ССРО-да коммунизм орнатудың ұлы және айқын программасымен қаруландырды.

Өзінің бүкіл өмірін коммунизмнің ұлы ісіне жаянамай қызмет етуге жұмсаған СТАЛИН жолдастың өлімі партия үшін, совет елінің және бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері үшін аса ауыр қаза болып табылады.

СТАЛИН жолдастың қайтыс болғаны туралы хабар біздің Отанымыздың жұмысшыларының, колхозшыларының, интеллигенттерінің және барлық еңбекшілерінің жүрегіне, біздің ай-

бынды Армия мен Соғыс-Теңіз Флотының жауынгерлерінің жүрегіне, дүние жүзінің барлық елдеріндегі миллиондаған еңбекшілердің жүрегіне ауыр қасрет болып тиеді.


Бұл қайғылы күндерде біздің елдің барлық халықтары Ленин мен Сталин құрған, тәрбиелеген Коммунистік партияның сыннан өткен басшылығымен туысқандық ұлы семьяда бұрынғыдан да тығыз топтаса түседі.

Совет халқы өзінің туысқан Коммунистік партиясына бүтіндей сенеді және оған деген жалынды сүйіспеншілігі шексіз, өйткені совет халқы партияның бүкіл жұмысының жоғары заңы халықтың мүдделеріне қызмет ету болып табылатындығын біледі.

Біздің елдің жұмысшылары, колхозшылары, совет интеллигенттері, барлық еңбекшілері біздің партиямыз жасап берген, еңбекшілердің өмірлік мүдделеріне сай келетін, біздің социалистік Отанның қуаттылығын онан әрі күшейтуге бағытталған саясатқа аумастан еріп отырады. Коммунистік партияның бұл саясатының дұрыстығы ондаған жылдар бойы күресте сыннан өтті, бұл саясат Совет елінің еңбекшілерін социализмнің тарихи жеңістеріне жеткізді. Совет Одағының осы саясатпен рухтанған халықтары партияның басшылығымен біздің елде коммунистік құрылыстың жаңа табыстарына қарай сеніммен алға басуда.

Біздің елдің еңбекшілері халықтың барлық топтарының — жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенттердің материалдық әл-ауқатын онан әрі жақсарту, бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін мейлінше толық қанағаттандыру Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің әрқашан да ерекше қамқорлық жасаған ісі болғанын және болып отырғанын біледі.

Совет халқы Совет мемлекетінің қорғаныс қаблеті мен қуаттылығы артып, нығайып отырғанын, қандай агрессорға болса да күйрете тойтарыс беруге біздің әзірлігімізді үнемі арттыра беру үшін партия Совет Армиясын, Соғыс-Теңіз Флотын және разведка органдарын барынша нығайтып отырғанын біледі.



Совет Одағының Коммунистік партиясы мен Үкіметінің сыртқы саясаты бейбітшілікті сақтаудың және баянды етудің, жана соғысты әзірлеу мен бастауға қарсы күрестің мызғымас саясаты, халықаралық ынтымақтың және барлық елдермен іскерлік байланыстарды дамытудың саясаты болды және болып отыр.

Совет Одағының пролетарлық интернационализм туынан айнымайтын халықтары ұлы қытай халқымен, барлық халықтық демократия елдерінің еңбекшілерімен туысқандық достықты, капиталистік және отар елдердің бейбітшілік, демократия және социализм ісі үшін күресуші еңбекшілерімен достық байланыстарды нығайтып, дамытуда.

Қымбатты жолдастар және достар!

Коммунизм орнату жолындағы күресте совет халқының бағыт беруші және бастаушы ұлы күші біздің Коммунистік партия болып табылады. Партия қатарының болаттай бірлігі мен құрыштай берік топтасқандығы — оның күші мен қуаттылығының басты шарты. Біздің міндетіміз — партияның бірлігін көздің қарашығындай сақтау, коммунистерді партияның саясаты мен қарарларын жүзеге асыру жолындағы белсенді саяси жауынгер етіп тәрбиелеу, партияның барлық еңбекшілермен, жұмысшылармен, колхозшылармен, интеллигенциямен байланысын бұрынғыдан да гөрі нығайту, өйткені

біздің партияның күштілігі және жеңілмейтіндігі — халықпен осы тығыз байланысында.

Партия өзінің аса маңызды міндеттерінің бірі — коммунистерді және барлық еңбекшілерді жоғары саяси қырағылық рухында, ішкі және сыртқы жауларға қарсы күресте мейрімсіз және табанды болу рухында тәрбиелеу деп қарайды.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, ССР Одағының Министрлер Советі және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы бұл қайғылы күндерде партия мен халыққа арнаулы сөзін айтып, партия және Отанымыздың барлық еңбекшілері Орталық Комитет пен Совет Үкіметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасады деп, өздерінің барлық күші мен творчестволық жігерін біздің елде коммунизм орнатудың ұлы ісіне жұмсайды деп берік сенім білдіреді.

СТАЛИННИҢ мәңгі жасайтын есімі совет халқының және бүкіл прогресшіл адамзаттың жүрегінде әрқашан өмір сүреді.

Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің ұлы жеңімпаз ілімі жасасын!

Біздің қуатты социалистік Отанымыз жасасын!

Біздің қаһарман совет халқы жасасын!

Совет Одағының ұлы Коммунистік партиясы жасасын!

СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК
ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ

ССР ОДАҒЫНЫҢ МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

ССР ОДАҒЫНЫҢ ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ
ПРЕЗИДИУМЫ

5 март, 1953 жыл.

ҚАЙҒЫЛЫ КҮНІ

Қаралы халқым секілді
Күрсінді өзі өмірдің:
Тарихты, міне, екі ұрды
Аяусыз қолы өлімнің.
Бүгінгі көңіл көгіндей
Сұрланған көктем шуағы аз.
Қайтадан қақап келгендей
Жыйырма төртінші жылғы аяз.
Адамзатқа асыл ұл
Дана Сталин — дана адам,
Жылатып жақсы ғасырын,
Кетті ме мәңгі арадан.

Халықтың төккен жасынан
Тасығандай теңіз — дерт.
Кеуденің шерлі аһ ұрған
Жалыны сөнбес қалың өрт.
Қарайып осы күйіктен
Орады тулар Отанды...
Жаралы жаида кенеттен
Жарқ етіп жаңа от тұтанды.
Сабырлық оты сол екен
Партия берген кезінде.
Партия — сенсін Ұлы Әкем,
Шындаған ерлік төзімге.

Сол сәтте шердің ұлғайған
Тұманы жайлап сейілді.
Өзің сыйлап маңдайдан
Жұбатқандай еліңді.
Қайғыны сілкіп алып күш
Қарадық алға көз сүртіп.
Осылай өскен халықпыз,
Өсеміз және біз сүйтіп.
Сондықтан, көсем, ұлы іске
Партияң бастап халқыңды,
Береміз саған

Ильичке
Өзіңнің берген антыңды.

Ізтай Мәмбетов

Қош бол әке!

Япырай ойда жоқта сұмдық болды ғой, жетім қалдық қой! Партия, совет халқы, бүкіл дүние жүзі еңбекшілері жетім қалды-ау...

Ленин қайтыс болғаннан бергі уақытта адам баласы басына мұндай ауыр, мұндай өлшеусіз зілдей қаза тап болған емес. Біз барлық еңбекшілердің әкесінен айырылдык, мәңгі ұмытылмас қазаға бойлаған сезіммен бірге ұлы қайғы бүкіл елімізді үнсіз шарлап, әр үйге, әр семьяға баса көктеп кіріп барды.

Бұл күндері жұрт жалғыз отырып та жылайды, халықтың көзінше еңреуге де арланбайды. Бұл күндері балалар мен әйелдердің сорғалаған көз жасы төрт жыл бойғы соғыста, ұрыс даласында көзінен тамшы жас тамызбай, тек тісін ғана шықырлатқан, сөйтіп жылауды әдет етіп көрмеген ерлердің мөлт-мөлт тамған жастарына қосылып көл боп арады...

Қайғы мен қасірет жүректерімізді өртеп барады! Сол жүректерімізде арамыздан кетіп отырған әкемізге, ұстазымызға, досымызға деген қасиетті қайғы қалсын, оған деген ыстық махаббат көздің жасын тыйсын! Адамзаттың асқан ардагері ол жігерсіз жандарды емес, тек қана ержүрек адамдарды сүйген болатын.

Ұлы Сталиннің ең жақын серіктерінің, достарының халыққа арнаған: «Қымбатты жолдастар және достар!» — деген сөздері эфирде айтылып жатқанда-ақ, барлық жерде миллиондаған совет халқының махаббатқа, шексіз берілген сезімге бөленген жауабы теңіздей тасып қоя берді: «Біздің сүйікті коммунистік партияның Орталық комитеті, біздің сүйікті советтік үкімет, біз әрқашанда, қайда болса да, сендермен біргеміз!»

Қан майдан шайқаста оққа ұшып көсем мерт болады, қорқақтар мен тұрлаусыздар не үрейі ұшып қаша жөнеледі, не бір орыннан қозғалмай кібіртіктей береді, ал нағыз жауынгерлер көсемінің қазасы үшін дұшпаннан, тіп-

ті ажалдың өзінен де кек ала, бұрынғыдан да ашына, бұрынғыдан да жұлқына ұрыс салады! Ал біздің қаһарман халықтың қаһарман жауынгер болмаған күні бар ма? Міне, бұл қайғылы күндерде де: Отанның жаңа құрылыстарында, заводтарының цехтарында, шахталарында, оңтүстігіндегі егіс далаларында бұрынғыдан да бұркана жұмыс қайнайды, асқан ортақ ұлы идея, коммунизм идеясы алға бастаған адамдар Сталинді ойлай отырып, бұрынғыдан да жан сала еңбек етеді, жұмыс істейді, жаңалықтар тудырады, табиғатты жаңғыртады.

Москвадан алыста тұрсақ та, мейілі қайда болсақ та, біз бәріміз де қазір Москваны, Одақтар үйінің колонналық залын, төмен иілген қаралы туларды, жасыл гүлге бөленген табытты көреміз, әрбір кескіні, әрбір болымсыз әжіміне дейін таныс, бәрімізге сүйікті, бәрімізге жақын, бірақ сонымен қатар өлім бізден ажыратып әкеткен дидарды көреміз.

Қош бол, әке! Қош бол, ақырғы деміміз біткенше жан-тәнімізбен сүйетін туған әкеміз! Біз сенің алдында қандай көп борыштымыз... Біз миллиондармыз, бәріміз де өзінмен іштей қоштасамыз, сенің дидарыңды жадымызда сақтамақ боп, табытыңның қасынан баяу басып өтеміз, төмен бас иіп, балаң боп бетіннен сүйеміз...

Сен бізбен де, өмірге бізден кейін келетіндермен де әрқашанда бірге боласың. Біз сенің үніңді алып суэлектрстанциялары турбиналарының ырғақты әуенінен де, өз нұсқауыңмен жанадан жасалған теңіздердің толқыны шуынан да, жеңімпаз совет жаяу әскерінің сапаның басқан сабырлы қадамынан да, ұшықыйырсыз даланы жауып кеткен орман алқаптарының жапырақтары сыбдырынан да естиміз...

Сен қай жерде болсаң да, бізбен мәңгі-бақи, біргесін, туған әке! Қош бол!

Михаил ШОЛОХОВ,
Вешенская станицасы.



Коммунист партиясының XIX съезі, И. В. Сталин жолдастың президиумда отырған кезі. Г. М. Маленков жолдас мінбеде Орталық Комитеттің есепті баяндамасын жасап тұр.

СТАЛИН БІЗДІҢ ЖҮРЕГІМІЗДЕ МӘҢГІ ЖАСАЙДЫ

Сталин! Халқымыздың шексіз құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленген бұл есімді мен жүрегімде ылтыйпатпен сақтағанмын. Қеменгер Сталин, мені, қарапайым шаруаны, жалшының қызын, өз Оғанымың игілігіне, өз халқыма қызмет етуге үйретті. Мен Сталин жолдастың өзімен бірнеше рет кездесіп, ауызба-ауыз сөйлесіп шексіз зор бақытқа ие болдым. Есіме менің екпінді колхозшылардың Бүкілодақтық екінші съезінде болған күндерім түседі.

Маған сөз берілді. Мен трибунаға көтерілдім де, аузыма сөз түспей қалта қарап тұрып қалдым. Екі көзім Сталинде, бірақ сөйлейін десем үнім шықпайды... Міне, осы кезде Иосиф Виссарионовичтің ақырын:

— Паша! Батылырақ, батылырақ,— дегені бой.

Мен өзіміздің бригаданың жұмысы туралы айта бастап едім, сөзге кірісуім-ақ екен—жүрегім орнығып сала берді. Иосиф Виссарионович съезд жұмысының басынан аяғына шейін біздің арамызда болып, әрқайсымыздың сөзімізді тыңдады, біреулерімізді сынайы мысқылдады, ал қайсы бір кезде сөйлеп тұрған шешенді өте абай іркіп, оның аузына жүрекке жылы тиетін, өзінің асыл сөздерін салып отырды, міне, сталиндік сөзбен осылайша жігері тасыған адамдар қыялы қыяға шарықтап болашақтың зор жоспарларын құра бастағанды. Сталин менімен әңгімелескенде тракторшылардың

тұрмысы қалай екенін, олардың жұмыстан бос уақыттарын қалай өткізетінін, қандай кітаптар оқығанымызды сұрастырды.

1935 жылдың декабрі — ауыл шаруашылығы озаттарының кеңесі де еске түседі. Кеңестің трибунасынан мен бригадамыздың жұмысындағы жаңа табыстарымыз жөнінде айттым. Ол айтылғандардың бәрі әншейін жай ғана, күн-бе-күнгі істер — кәдүелгі өміріміз туралы еді. Бірақ соның өзін Сталин зейін қойып тыңдады, бұған қарап мен оның ештеңені елеусіз қалдырмай, бәрін қадағалайтынын және ол кісі үшін бәрі де маңызды екенін сездім.

Кеңес жұмысы жүріп жатқан күндері тракторшыларға үкімет наградалары тапсырылды. Мен сол күні қымбатты Сталин жолдаспен тағы кездестім. Мен ол кісіден, отырып, бізбен бірге суретке түсуді өтіндім.

— Жоқ, қарақтарым, сіздер отырыңыздар, біз түрегеп тұрайық: сіздер бізге қонақсыздар ғой, — деді Иосиф Виссарионович шын қарапайым ықыласпен.

Отыз алтыншы жыл — біздерге тағы да жаңа табыстар әкелген жыл болды. Осы жылы, Советтердің Бүкілодақтық VIII Төтенше съезіне делегат болып, мен өз өмірімнің ең бір тамаша, мәңгі есте сақталатын күндерін бастап кешірдім: Кремль Сарайында, мен халық өкілі қатарында ұлы Сталинмен бірге, оның сенімді серіктерімен бірге және съездің делегаттарымен бірге еліміздің негізгі заңын — Сталиндік Конституцияны бекіттім.

П. Павленко

СӨЗДІҢ КҮШІ

Әңгіме

Басыма қиыншылық түсіп, өз күшіме өзім сенсе алмай көз жасыма булығып тебірепсем, ал өмір суыт, батыл қиымалдауды талап етіп, жігерсіздігімнен мен қайрат жасай алмасам, баяғыда Бакуде бұдан қырық жыл бұрын айдауда болған бір адамнан естіген ескі оқығға кеп есіме түседі.

Сол оқығғаны есіме алсам болды, бойыма дару қонғандай, еңсем көтеріліп, жігерім тасыйды да, сол кішкене әңгімені өзіме дуалы сөздей тұтып, жығыла берілем де, іштей ант беремін. Бұл — әркімде-ақ болатын жан сыры. Ол — менің ұраным.

Кім естісе де, жыр етіп айтып жүрерліктей бұл хикаяның түйіні мынау еді.

Бұл оқығға бұдан қырық жыл бұрын Сибирьде болды. Әртүрлі партиялардың айдауда жүрген мүшелері партияаралық мәжліске жасырын

Сталиндік Конституцияның нұры астында колхоз өмірі бұрынғыдан да гүлденіп жайнай түсті.

Біз, сүйікті Сталиннің: әйелдер — колхозда зор күш, — деген сөзін есімізге берік түйдік. Өзімнің және өз құрбыларымының өмірін көріп жүріп бұл сөздің орынды айтылғанына менің көзім жетті. Біз істі шағын нәрседен: тракторды игеруден бастағанбыз, міне, біздің осынымызды еліміз білді. Енді біз мұнан өзіміздің тек бір бригаданың тракторшысы ғана емес бүкіл елімізде коммунизмнің салтанат құруы жолында жүргізіліп жатқан ұлы күрестің жауынгері екенімізді сезіндік.

Міне, енді бүкіл еліміз душар болған ұлы қайғы — Сталин жолдастың қайтыс болғаны туралы сұмдық суық хабар келіп жетті. Ұлы қайғы, толмас қазал! Сталин енді біздің ағамызда жоқ болғанымен, оның ісі өмірбақый ілгері баса береді. Оның есімі біздің жүрегімізде мәңгі жасайды. Совет халқы бұл ауыр күндерде коммунистік партияның Орталық Комитеті мен Совет Үкіметі маңына бұрынғыдан да берік топтала түседі. Ол асқан берік ынтымақтылықтың, майырылмас қайраттылықтың және қырағылықтың үлгісін көрсетеді. Сүйікті Сталиннің есімін жүректе сақтап, біз коммунизм құру жолында бұрынғыдан да еселеп еңбек ете береміз.

П. АНГЕЛИНА,

Трактор бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері.

Старо-Бешевская МТС-ы, Сталин облысы.

еді, ал ағынға қарсы жоғары қарай қайықпен жүруге ертерек болатын. Өйткені, қайықты сең соғып батырып жіберуі мүмкін болса, оның үстіне сенге қарсы ескек есуге ең мықты деген балықшының да әлі келе бермейтін.

Соған қарамастан, баяндамашыны күтуді жақтаушылар көнбей қойды. Олар келетін адамның кім екенін жақсы білетін.

— Келеді! — деп болмады олар. — Егер ол «келемін» десе, қалайда келеді.

— Бізден күштірек болатын жардай да бар, — деп аналар да қыза бастады.

Талас ұлғайды. Кенет терезе жақтан үйдің жанында ойнап жүрген балалардың дүрліккен, шулаған даусы шықты, ит үрді, балықшылар жалма-жан өзенге қарай жүгіріп кетті.

Айдаудағылар да тысқа шығып еді, олар мынадай бір тамаша көрініске тап болды.

Өзенді жоғары өрлеп, мұздың ара-арасымен бұралаңдап бір қайық жылжып келеді. Үстінде аң терісінен істелген куртқасы, басында құлақшыны бар арық бір адам аузындағы трубкасын тартып, қайықтың тұмсық жағында түрегеліп тұр. Аспай-саспай, қайыққа киліккен сендерді сырықпен жай рапа итеріп тастап келеді.

Желкемсіз, моторсыз бұл қайықтың ағынға қарсы қалай жүріп келе жатқанына әуелде ешкім көңіл аудармапты, тек жағаға қарай

төмен түскенде ғана көріп, халықтың бәрі таң қалды. Қайықты жегілген иттер жағамен жүгіріп сүйреп келеді екен.

Ешкім бұған дейін бұл маңайда ондайды істеп көрмегендіктен балықшылар таң қалып басын шайқай берді.

— Біздің ата-бабаларымыз осы жерде қанша өмір сүріп келсе де, ешқайсысының да мұндайға батылы бармап еді, — деді олардың ішіндегі ең жасы үлкені.

Құлақшынды адам жағаға шыққанда, балықшылар оған шын ықыласпен бас иіп, құрмет көрсетті.

— Шеттен келген адам болса да, біздің бәрімізден де артық тапқырлық істеді. Ержүрек адам! — десті жұрт.

Келген адам күтіп тұрғандардың қолын алып жатып, өзенді, қайықты нұсқап:

— Амалсыздан кешігіп қалғанымға ғапу етіңіздер, жолдастар, — деді, — бұлай жүруге бірінші рет душар болып едім, уақытты сәл дұрыс есептемеппін.

Бұл шынында да осылай болды ма, маған айтылған осы шынайы новеллада жанынан қосылған ешнәрсе жоқ па, — онысы мен білмеймін, бірақ осының бәрі түгелдей шындық болғанын жақсы көрген болар едім, өйткені мен үшін — айтқан сөзге берік болу туралы, сөздің күші туралы осы әңгімеден артық ештеңе жоқ.



И. В. Сталин жолдастың Трухан өлкесінде айдаудағы кезі.

Суретті салған: **Х. Якубов.**

Қарапайым, ұлы адам туралы

Сталин... өте жұпыны киінеді. Соғыстан бұрын ол әдетте сұр френч, дұрысырақ айтқанда етек-жеңі мол, жүріс-тұрысқа қолайлы бешпент, сол түстес матадан жасалған шалбар мен әрі жұқа, әрі жұмсақ былғарыдан тігілген, аяққа жайлы жеңіл етік киетін.

Кісімен әңгімелескенде ол кабинет ішінде сабырлы пішінмен жай басып жүреді. Әңгімелескен кісінің сөзін кейде ғана болмаса бөлмейді, оның өз ойын түгел айтқызып алады...

Жұмыста жауапкершілікті талап ету — Сталиннің бойындағы ең ерекше қасиет.

Мен мынандай әңгімелерге бірнеше рет куә болдым. Жауапты қызметкердің бірінше тапсырма беріледі. Тапсырма алушы:

— Сталин жолдас, мерзімі тым аз, мына жұмыс тым қыйын, — дейді.

Сталин жолдас оған былайша жауап қайырады:

— Біз мұнда ауыр жұмыс туралы ғана сөйлесіп отырған жоқпыз ба. Тапсырма ауыр болғандықтан да сізді шақырып отырмыз. Сіз басқа сөзді қойып, осы тапсырманы орындау үшін сізге қандай көмек керек екендігін айтыңыз да, хажетті мүмкіндіктің бәрін пайдаланып, істі мерзімінде орындаңыз.

Сталин өзінің сұрағына ешбір бұлтақсыз, қысқа, тура және айқын жауап қайтарғанды ұнатады. Әдетте ол кісімен тұңғыш кездескен адам оның сұрауына көпке шейін жауап қайырмайды, ұялып қалмау үшін әбден ойланyp жауап қайыруға тырысады. Алғашқы кезде менің өзім де Сталин жолдастың кейбір сұрағына жауап берудің алдында өзімнен-өзім қысыла именіп, біресе терезеге, біресе жоғары қараушы едім.

Сол шақта Сталин жолдас күліп, былай дейтін:

— Сіз жоғарыға бекер қарайсыз, төбеде жазулы тұрған ешнәрсе жоқ. Онан да сіз тура айтыңыз. Сізге қойылатын тілек осы ғана.

Бір ретте мен тура қойылған сұрауға жауап беруге қатты қыйналдым—менің жауабымды

Сталин қалай қабылдайды, менің айтқаным оған ұнай ма, жоқ па?—деп ойлады.

Ол осы ойымды сезе қойып, салмақпен былай деді:

— Сіз, өзіңіздің ойлағаныңызды ғана айтыңыз. Маған ұнағанды ғана айтпаңыз. Менімен сөйлескенде, ондайдың хажеті жоқ. Ойымнан шығам деп тырыссаңыз, біздің кеңесіміздің пайдасы аз болады. Сіз менің пікірімнің үстінен тура түспесеңіз, жаман болады екен деп ойламаңыз. Сіз мамансыз. Біз сізбен кеңескенде, бір нәрсені үйрену үшін сөйлесеміз, тек үйретуді ғана мақсат етпейміз...

Бірде Сталин былай деді:

— Егер өзіңіздің пікіріңіздің дұрыстығына әбден көзіңіз жетсе және сол дұрыс пікіріңізді дәлелдеп шыға алатын болсаңыз, ешкімнің де пікірімен санаспаңыз да, өзіңіздің санаңыз бен арыңыздың айтқанын істеңіз.

Сталин сауатсыздыққа тіпті төзбейді. Оған



В. И. Ленин мен И. В. Сталин Горкиде.

сауатсыз жазылған документ кездесе қатты кенді:

— Міне сауатсыз адам! Айыбын бетіне басан, табанда сауатсыздығын жұмысшы-шаруадан шыққандығына жабады. Бұл дұрыс емес. Бұл мәдениетсіздік, ұқыпсыздық. Әсіресе, ел қорғау ісінде өзінің білімінің жетімсіздігін, өзінің техника тілін білмейтіндігін, мәдениетсіздігін болмаса жұмысты білмейтіндігін жұмысшы мен шаруадан шыққандығына жабу келісімсіз-ақ. Жаулар біздің шыққан тегімізге көшірім бермейді...

Аз кісінің қатысуымен шешілетін кейбір мәселені талқылағанда, Сталин қатысқан кісілердің барлығына да ойындағы пікірін түгел айтқызып алады. Кейбірінің пікірін өзі сұрап айттырады да, сонан кейін қортынды жасайды. Ақырында қатысып отырғандардың біріне қағаз бен қарындаш береді де:

— Жазыңыз, — дейді.

Өзі бір бағалы документтің текстін жаздыра бастайды.

Бір ретте ол кісінің айтқанын маған жазуға тура келді. Мен аса зейін қойып, ешқандай грамматикалық қате жібермеуге тырыстым. Ол айтып жүреді де, бір кезде жазып отырғаныңызға ту сыртыңнан көз салып, документтің қалай шыққанын байқайды. Кенеттен ол тоқтады да, жазылған қағазға қарап тұрып, менің қарындаш ұстаған қолыммен үтір қойды.

Екінші бір ретте мен сөйлемді онша дұрыс құра алмаппын. Сталин сонда былай деді:

— Сіздің бастауышты баяндауыштан кейін қойғаныңыз қалай? Сіз сірә бастауышпен қырын қабақсыз-ау. Былай болу керек! — деп өзі түзеді.

Осыдан кейін мен орыс тілінің грамматикасын аса зейін қойып, бірнеше рет оқып шықтым.

Ойды сауатты, дұрыс бере білуге Сталин жолдас аса зор мән береді.

— Кісі өз ойын сауатты және дұрыс қыстырып жаза алмаса, оның сондайлық жүйесіз, шашырапды ойлайтындығы. Ол тапсырылған жұмысты қалайша тәртіпке келтіре алады?

Сталиннің өзі де, оның төңірегіндегілер де жұмысты тамаша тәртіппен істейді...

Мемлекет жұмысында Сталин жолдасқа көптеген кісімен кездесуге тура келеді. Ол жаңа келген адамдарды жақсы көреді, оларды сынап, білуді ұнатады, олардың әрқайсысына қандай тапсырма беруге болатындығын, қолынан не келетіндігін байқайды. Жұмыс жайында кеңесіп отырғанның өзінде де ол кісінің әзілді, өткір сөзі бой көрсетіп отырады.

Сталин сөздері әрқашанда әдебиет мысалдарына толы болып келеді. Ол кісінің зейіні ерекше тандандырады — кейбір шығармалардан ұзақ үзінділерді сөзбе-сөз жатқа айтады. Ол Горький, Чехов, Салтыков-Щедринді жиі еске түсіреді. Ол әрқашанда қазіргі әдебиетті қадағалап әдебиеттің соңғы жаңалықтарын біліп отырады.

...Сталин кісімен кездескенде өте сыпайы, әңгімелескен кісісіне өте сүйкімді және мейірбанды. Өзіне шақырғанда әрқашан:

— Сіздің уақытыңыз бола ма? — деп сұрайды. Болмаса:

— Жұмысыңызға нұқсан келтірмей, қазір маған келіп кете аласыз ба? — дейді.

— Әбден болады, Сталин жолдас!

— Онда тезірек келіңіз.

Алғашқы кезде, менің Авиация өнеркәсіп халық комиссарына орынбасар болмай тұрған кезімде, енді кетейін деп ыңғайланғанымда Сталин бір сұрау қоюшы еді:

— Машинаңыз бар ма?

Бұл машинаныз жоқ болса, жеткізіп салайын деген сөзі болатын.

Сталин Владимир Ильич Лениннің өмірі мен ісін әрқашан үлгі ете сөйлейді. Ол Ленинмен кездескендерін еске түсіріп отыруды ұнатады.

...Жұмыс бабында Сталин жолдаспен кездескен әрбір кісі тамаша мектеп тәрбиесін өтеді. Онымен кездескендегі әрбір әңгіме мәңгілік өшпес із қалдырады. Онымен бірге кездескеннен кейін өзінің саяси жағынан да, іскерлік тұрғыдан да өсіп қалғандығынды көресің.

А. Яковлев,

Социалистік Еңбек Ері.



1952 жылғы Бірінші май демонстрациясы күні мавзолей трибунасында. Москва қаласының 612-ші мектебінің бірінші класының оқушысы Вера Кондакова Иосиф Виссарионович Сталинге гүл әкеліп беріп, шын жүректен құттықтап тұр.

Балалардың ұлы досы

Бүкіл еліміз бақытсыздыққа, ең ауыр қайғыға душар болды. Ұлы көсемнің жүрегі соғуын тоқтатты.

Сөзбен айтып жеткізуге болмайтын өлшеусіз ауыр қаза отандастарымыздың ғана емес, бүкіл өмірсүйгіш адамзаттың жанына қатты батты. Совет Одағындағы сталиндік бірлігі, мызғымас достығы жарасқан туысқан халықтар бұл ауыр қайғы күндерінде де жалғызсыраған жоқ. Ұлы Қытайдағы, Халықтық демократия елдеріндегі, басқа да елдердегі жүз миллиондаған достарымыз ғасырдың ұлы қамқоршысын бізбен бірге жоқтады, достық жүректен шынайы сырларын, Сталинге, елімізге сүйіспеншіліктерін Кремльге жолдады.

Иосиф Виссарионович бақыттың әкесі, ақыл-ойдың, адамның бас бостандығының, творчестволық еркін еңбектің қорғаны еді. Ол адамды адамның қанауына, өлтіруіне қарсы жаралған еді. Бейбітшілік туын бірінші көтерген де Сталин еді. Өмірге өзімен бірге бейбітшілік туын ала келген ұлы адам ең ақырғы сөзінің ең ақырғы жолында «Соғысқұмарлар жойылсын!» деп кетті.

Әрбір қарапайым еңбекші Сталин есімінен өзінің, бүкіл семьясының ұзақ, жемісті өмірін ұғынатын. Сондықтан да бүкіл прогресшіл адамзат оны жанындай сүйді. Сондықтан да ол көз жұмған сағатта қаралы тулар бүкіл жер бетін жауып жіберді. Бұл ұлы қазаға бүгінгі адамдар ғана емес, бүкіл келешек те

қайғырады. Өйткені, Сталин жолдасқа біз ғана емес, жарқын келешегіміз де борышты. Ол асқан данышпандықпен коммунизмнің ұлы жоспарын жасап берді.

Келешек қоғамның құрылысшыларын — жас бөбектерді сүүдің жаңа үлгісін біз Сталин жолдастан үйрендік. Ол совет балаларының, пионерлердің ұлы досы еді. Тәжік қызы Мамлакатты, орыс қызы Вераны құшақтап тұрған атақты суреттерін еске түсіріңдерші.

Бұл оның, осы екі баланы құшақтау арқылы, бүкіл совет балаларын ыстық құшағына алғаны еді ғой. Я, жұмысы қанша көп болса да, біздің балаларымызды әкелік мейріммен сүйіп-құшуға көсемнің талай уақыты бөлінгенін біз ешуақытта ұмытпаймыз.

Ол жыл сайын мерекелерде өзінің ең жақын серіктерін қасына ертіп, Қызыл алаңға келетін, бізге таныс байсалды, жай жүрісімен мавзолей трибунасына көтерілетін, парад қабылдайтын, ең алдымен пионерлер колоннасын қабылдайтын.

Қөктемнің жайма шуақ күндерінде, Ленин табытының басында, Ленимен бірге көтерген өз туының астында күле қарап тұрушы еді ол. Қызыл алаңда толқыған халық теңізіне биіктен еңкейіп, оң қолын көтеруші еді. Халықтың оған, оның халыққа деген шексіз махаббаты құшақтаса кететін. Шынайы махаббатты көсем қолымен бірге көтерілген халық қолы, қолдар ұшында желбіреген қызыл, жасыл, ақ орамалдар да айтып тұратын. Аспан жүзіне самолеттер құрамымен жазылған Сталин есімі көсемге деген Москва махаббатының үстінде қалықтап жүретін.

Бұл сәтте алдыңғы колоннадан пионерлер өкілі суырылып мавзолейге қарай шығатын. Қызыл канатты ақ күс сыяқтанып жең-жеңіл жүгіретін, көсемнің алдына келіп, өзінің өміріндей жал-жас жұпар иісті гүлін ұсынатын. Ұлы көсем гүлмен бірге жас досын қатты қысып құшақтар еді, сүйер еді. Ол күндерді енді іштей аңсайсың, сағынасың.

Бірақ, осы қара жерді қайыстырған ұшан-теңіз қайғының біздің жанымызды жасыта алмайтын да жағы бар. Ол — Сталин есімі, өмірдің Сталин дамытқан маркстік-лениндік мазмұны.

Біздің балаларымыз — ерекше бақытты балалар. Олар Сталин біздің арамызда өмір сүрген, қызмет істеген дәуірде туғандар, тәрбиеленгендер. Сталин тұрған Отанда онымен бірге өмір қызығын көргенде, көсемнің әрбір қыймылын көрген, оның ұлы қасиеттерінің мұрагерлері, коммунистік өмірінің жалғасы.

Социалистік Отанымызда әрбір бөбек өзінің дүниеге келген минутынан бастап сталиндік

камқорлықты сезінеді. Сол камқорлық өмірінің ақырына дейін оның жолдасы: ясли, балалар бақшасы, лагерь, санаторий, бастауыш, жетіжылдық, орта, жоғары мектептер, даңққа бөлейтін саналы еңбек — міне, дүниеге келген адамның барлығына ортақ камқорлық, озық қоғамның белсенді мүшесін тудыратын өмір маршруты. Бұлар денсаулықтың, тұрмыс молшылығының, ғылымның, мәдениеттің кепілдері. Мұндай, ұзақ өмірлі, білімді, табанды, жоғары сапалы гуманист адам өсірудің заңын Сталин өз қолынан жасап, өз қолынан жүзеге асырды.

Өмірдің сталиндік шұғласына кенелген халқымыздың әл-ауқаты, мәдениеті артқан сайын, адамның, әсіресе баланың өлімі азайып, саны көбейді. Бөбектерді бесіктен алып кететін не қыйлы жаман аурулар біздің территориямыздан әлде қашан қуылды. «Панасыз жетім» деген ұғым ескірді.

Жас бөбектер мен олардың аналарын империалист найзасының ұшынан, снаряд жарықпақтарынан, бактериялогиялық індеттен, қорлаудан сақтайтын армия күшін, халық күшін Сталин жолдас өз қолынан жасақтады.

Бұл айтылғандар адам өмірін ақшаға айырбастап отырған империалистер қол астындағы елдерде балалардың басынан кешіретіндері — туу, ашығу панасыз жалаңаштық, жетімдік азабын шегу, надан қалу, табылса қаршадайынан ауыр жұмыс істеу, өлу.

Ауыр тұрмыстың, бақытсыздықтың бұл сатыларынан өлмей шыққан жастың қолына мылтық, граната беріледі, оның алдына кісі өлтіру, өзі де өлу міндеті қойылады. Міне, олар кешетін «өмір сатылары» осылар.

Біздің балаларымыз мұның бірде-бірін түсінде де көрмейді. Өйткені, олар сталиндік камқорлықта, Сталин құшағында, Коммунистік партия басшылық етіп отырған Совет елінде туған. Міне, сондықтан да келешек қоғамның қайраткерлері — біздердің жас жеткіншектеріміз өздерінің ұлы досы болған Сталинге борышты. Оны өтеу — Отанды сталинше сүю, Отанға сталинше қызмет ету, жауға мейрімсіз, досқа қайырымды болу.

Сөз жоқ, біздің жас буындарымыз, сендер, дәл сондай адам болып өресіндер. Ауыр қаза сағатында «тоқталды» деген ұлы жүрек, шын мәнісінде тоқталған жоқ. Ол ұлы жүрек біздердің, келешек ұрпақтардың кеудесінде мәңгі соғады. Сталин есімі әрқашанда бізбен бірге, бізді жеңістен жеңіске коммунизмнің шынына бастайды. Бүгінгі Сталин — Коммунистік Партияның Орталық Комитеті, Совет үкіметі. Бүгінгі Сталин — біздің коммунистік өміріміз!

Хамит Ерғалиев.



1953 жылғы 6 мартта Одақтар Үйінің колонналы залында. Партия ме

МӨҢГІ БІРГЕ

«Сталин қайтыс болды!» деген сөзге,
Бой мұздап, жан түршігіп кетті лезде.
Алқынып өкпе, жүрек дүрсіл қағып,
Жас сел боп келе қалды екі көзге...

Кеудеден «аһ!» ұрғанда атты жалын.
Еңбекші адамзаттың түгел жанын
Бұл хабар күйзелткенде,
Компартия
Жеңілтті жігер беріп қайғыларын.

Әр дайым партияның айтқан сөзі, —
Ленин мен Сталиннің жан лебізі!..
Партия — тірі Ленин, тірі Сталин!..
Партия — көсемдердің жұмбас көзі!..

Сондықтан оны шексіз сүйген халық
Қазаға аса ауыр қайғыланып,
Түсірмей бірақ еңсе,
Компартия
Ленин мен Сталиннің туын алып, —

«Жеңістен жеңіске!..» деп ұран тастап,
Жорыққа еңбекші елді тағы бастап.
Екпіндеп тартты алға халық тегіс
Өріне коммунизм кең құлаштап.

Көтерген Компартия ту бетінде
Ленин мен Сталиннің келбетінде,
Көз тойып, көңіл сенген кепілдік тұр
Бақытқа бізді үнемі өрлетуге!..

Сталин —
бар еңбекші адамзаттың
Бойына біткен барлық әл-қуаттың



Үкімет басшылары И. В. Сталин жолдастың табыты жанында.

Сарқылмас бұлағындай, оны атаса, —
Халыққа орнағаны дәулет, бақтың.

Сталин —
жүрекке орнап, сіңген қанға.
Бойында еңбекші елдің бұл күш барда, —
Басшы боп жеңістерге Компартия,
Аршындап коммунизм басады алға.

Болғанмен денедегі өмір шағын,
Тарихтың бүгіні мен болашағын
Кең шолып, септі Сталин күн сәулесін
Бақытқа бастап бүкіл жердің шарын.

Жолымен Сталиннің өзі сызған
Ассақ та нелер белес, шыннан, күздан,
Ілгері нелер мың жыл жүрсектағы,
Шырады ұлы Сталин алдымыздан.

Қосылып қуанышпен барлық ұрпақ.
Лениндік — сталиндік болып бір сап,
Бар заман көсемдердің ардақты атын
Мақтан ғып айта бермек әнмен шырқап.

Ендеше сергі қайғы, серпіл көңіл!
Сталин қайда болса, — сонда өмір!
Қай жерде жеңіс болса, — сонда Сталин!
Сталин есімімен өседі гүл!

Жер шарын коммунизм бөлеп гүлге,
Аталып махаббатпен барлық тілде,
Бақытты ұрпақтардың арасында
Сталин жасай бермек мәңгі бірге!

Сәбит Мұқа

ЛЕНИННИҢ — СТАЛИННИҢ ПАРТИЯСЫНА

Қатты тимей қан шыкпайды жарадан,
Жанға батпай жыламайды әр адам.
Кім жылдамас, қандай жүрек тебіренбес,
Ұлы көсем кетсе біздің арадан.
Жасырмаймын, жетпеді күш-шыдамым,
Ес білгелі тұнғыш рет жыладым,
Бірақ, мені жұбатушы өзге емес,
Өз демесуің, өз үндеуің, ұраның.
Партиямен тағдырымыз бірлігін
Білгеніміз емес біздің бір бүгін.
Бүгін, бірақ, тереңірек түсіндік:
Бір жүрекпіз, бір денеміз, бір буын.
Қаралы күн туған шақта басыма
Сталинше өзің тұрсың қасымда.
Қайрат берің, әр адамға, әр үйге,
Дейсің: еңсең биік болсын, жасыма!
Жігер берер өзге үн жоқ бұл үндей,
Ел күрсінген мұнды кезде бүгіндей.
Осынау бір қайрат сөзі біздерге
Сталиннің өсиетінің біріндей.
Бізді ерлікке Ленин, Сталин үйреткен.

Бізді шындап, партия, сен өрлеткен
Сол тамаша қасиетіміз тағы да
Көрінеді әр тұлғадан, жүректен.
Тұрса бүгін тұнып тулар тұнжырап,
Алса халық күңіреніп, бір жылап,
Махаббаттың мәртебелі күші ол,
Білісін жаулар, жасу емес бұл, бірақ.
Ту толқыйды, ту қанатын жазады,
Ел күлшынды, — нұрлы ертеңде назары:
Туып жатыр тың қайраты халықтың,
Қажымайды кезде де бұл азалы.
Құрылыстың дүбірі алды даланы,
Жаңа орынға жалауларын қадады.
Бұрынғыша ұлы Сталин күлімдеп
Туған елдің көктеміне карады.
Көсем дәйім ортамызда болады:
Жүрегі онын әр кешіде соғалды.
Ориатамыз Коммунизм сарайын,
Ұлы есімін ұстап оның жоғары.

Жұбан Молдағалиев

АЛҒА

Заманға, адамзатқа көрік еді,
Жан түгіл орман, дала егіледі...
Мұны да көзбен көріп, тұрмыз шыдап,
Жанымыз біздің негкен берік еді!
Берік қып өзі өсірген бізді шындап,
Келеміз идеясын күнде жырлап,
Сенгенше көктегі күн

ұлы жүрек

Халықтың кеудесінде соғып тұрмақ,
Білеміз, ауыр қаза, ауыр қайғы!
Қалайша ет-жүрегің ауырмайды?
Дүниенің түкпірінен ақ ниетті
Бар адам еңіреп көп құшақ жайды.
Көрейдің сұп-сұр болып кетті жүзі,
Өксігін баса алмады қытай қызы.
Қарт болғар қағулашып тұрды қарап,
Алдында жатты жайнап көсем ізі.

Бірге соқты жүректер

Күйініш күйдіргендей жердің жүзін,
Қыйналды тоқтата алмай әркім өзін.
Ілініп қаралы күн қара тулар,
Әкетті бойлы билеп ауыр сезім.
Гудоктар күңіренді оны жоқтап,
Дүниенің қозғалысы бір сәт тоқтап,
Ауырлық бұдан артық кездесер ме,
Күн көсем Кремльден шықса аттап?!
Төніздей теңсіз терең ойың тасып
Өр тұлғаң асқар таудан тұрды асып,
Ильичтің жоқ екенін білдіртпедің
Қолға алып қызыл туын, орын басып.
Ешуақыт өлгеніне сенбейді ішім.
СТАЛИН, өлген жоқсың, өрлейді ісің.
Көрсетіп коммунизм бердің жолын
Советтік социалистік едің үшін.
Ауыр қаза адамның жанын билеп,
Дидарына қарадық соңғы рет,
Көсеммен қош айтысты дүние жүзі,
Бірге соғып сегіз жүз миллион жүрек.

Иманжан Жылқайдаров.

Өрлеткен күнде өмірді бір алымдай,
Еді ол, — бар бақыттың шырағындай...
Жүректер қарс айрылып кете жаздап,
Ақты жас махаббаттың бұлағындай.
Бірақ, біз қыйналасақ та.

Жасымаймыз.

Өткір жүз жарқылдаған жасылдаймыз,
Жұмса да ойлы көзін ол мәңгілік,
Күнренген қайғы-мұңға бас ұрмаймыз,
Тұра тұр, азалы күй, ыңыранба!
Ойналсын Гимн өлмес ұлы адамға.
Маяктай жарқыраған жолыменен —
Ал, баста,

Компартия,
кеттік алға!

Аманжол Шамкенов.

Ұлы есім

Жүректер, қайғы қарып, күйіссе де,
Басымыз туымыздай иілсе де,
Ильичтің табытының басында өзін
Қайғыдан қайрат шындап тұрған кезің
Еске түсті. Егілген тыйдық жасты,
Қайғы өртін қайрат-күштің селі басты.
Сол сәтте көрдік алда өр тұлғанды,
Өзіңдей сүйе түстік партияңды...
Көз салсақ Сталинград, Волго-Донға,
Үнілсек томындағы әрбір жолға,
Дем алсақ саясында жаңа орманның,
Тындасақ шаттық әнін балалардың,
Құрметтеп арымыздай партбилетті,
Жырласақ ел ұлдарын ержүректі... —
СТАЛИН, ұлы есімің тұрады есте,
Мәңгі жасау айғағы сол емес пе?
Октябрь, коммунизм, десек Ленин,
Есімің бірге аталар, көсем, сенің.
Біздерді — ер халқыңды алда ұдай
Жеңіспен құттықтарсың жылдағыдай.

Мұсағфар Әлімбаев



Лениннің 1917 жылы Россияға келуі.
Суретті салған В. Соколов.

А. Кононов.

ХАЛЫҚ СҮЙІСПЕНШІЛІГІ

Әңгіме

Біздің Ленин туралы әңгімелегеніміз — халық туралы да әңгімелегеніміз.

Ал, халық туралы әңгімені бастағанымызда, көкейімізде Ленин тұратыны анық қой!

...Петроград жұмысшылары Лениннің өз еліне қайтып келуін күткеніне көп болған. Оның келуін партия күтті, оның келуін сонау бір қыйырдағы, нақ Поляр шеңберінің қасындағы, Трухан өлкесінде айдауда болып, қыйын-қыстаудан өзі жақында ғана босанып астанаға келген Сталин күтті.

Сталин айдаудан қайтып келе жатып-ақ жол үстінде Ленинге телеграммамен сәлем жолдайды.

Ал, енді, Лениннің өзінің қай күні келетінін білдіретін телеграмма бүгін не ертең келуге тиіс.

Міне, ақырында, сол көп күткен күн келіп те жетті-ау!

Иосиф Виссарионович Владимир Ильичтің

мұнда келіп түсуін күтіп отыра алмай, оны қарсы алу үшін финдермен шекарадағы Белостровқа жүріп кетті.

Бұл — 1917 жылдың 3 апрелінде болған еді. Пасха мейрамы болғандықтан бұл күні барлық фабрикалар мен заводтар құлыптаулы тұрды; газеттер шықпады, тіпті қала маңындағы жұмысшыларды тасыйтын кішкентай паровоз да жүрмей қалды.

Әйткенмен, Петроградтағылар Сталин Лениннің алдынан шығып кеткенін біліп қойды.

Ленин келе жатыр! Мұны халыққа қалай хабарлау керек!

Тап осы заматта Невская заставаның сыртында тұратын екі жұмысшы-тігінші әйелге бір ой келіп: олар өздерінің аудандық большевиктік комитетіне кіріп, енді қызыл мата алады да, оған ақ майлы сырмен әріштерін бадырайта: «Бізге Ленин келе жатыр. Жүріңдер, қарсы алайық!» деп жазады.

Жоғары көтеріп алып жүру үшін енді бұл матаның екі ұшын қада-таяқтарға бекіту керек болды.

Ондай қада-таяқтарды іздеп ұзақ әуре болуға тура келген жоқ. Заставада кішкене балалар ұзын таяқтармен көгершін қуып жүрген. Ай, несін айтасың, бұл таяқтар олардың өздеріне тым керек-ақ еді, баланың жұмсақ қолымен әбден ысқаяқ жып-жылтыр болған мұндай құрал көгершін қуушылардың шіркін арманы ғой!

Әлде Лениннің келгенін есіткен бе, немесе ана матаға жазылған сөзді оқып, оның не туралы жазылғанын ұқты ма, әйтпесе бүгін өздерінің бүкіл халықпен бірге болуы керек екенін жүректерімен сезінді ме, әйтеуір осы балалар қолдарындағы таяқтарын сөзге келместен әлгі екі жұмысшы әйелге ұстата берді. Әйелдер матаның екі ұшын таяқтарға бекітті де, жоғары көтеріп көшеге шықты.

Олар бұған жұрттың бәрі таңырқар деп ойлаған. Бірақ таңырқаушы ешкім болған жоқ. Қайта тұс-тұстан адамдар келіп матадағы «Бізге Ленин келе жатыр» деген сөзді оқыды да:

— Поезд сағат нешеде келеді екен? — деп сұрайды.

Сонымен бұл келушілердің көбі нін тіресе арттан шұбырып келеді. Келе жатқандардың ішінен бір қарт тамағын кеней дауыстап:

— Қай вокзалға келетіні неге жазылмаған? — деп сұрап еді.

Оған:

— Ау, өзің не ойлап келесің? Финляндия вокзалына ғой, — деген жауап қатты.

Сол-ақ екен қарт биялайымен санын бір соғып:

— Қап, мына жерде балаларым тұрушы еді... Жүгіріп барып хабарласам, үлгіре алар ма екенмін? — деді.

Қолдан жасап алған жазулы туды жоғары көтеріп келе жатқан әйел жайымен:

— Үлгіресің, — деді.

Туды олар бүкіл ауданның ортасымен осылай алып өтті де, одан әрі қаланың ортасына қарай тартты. Халық ілгері басқан сайып қосылып, шоғыр молая түсті. Сөйтін Невский көшесіне жақындағанда Лениннің келуі туралы сөз жазылған плакаттың сонынан ерген топтың ұшы-қыйыры болмай кетті.

Бұлардың ішінде жұмысшылар да, солдаттар да, студенттер де келе жатыр. Әлгі балаларына хабар жеткізген шал да келе жатыр. Оның екі жағында енгезердей екі жігіт келеді, тәрізі шалдың балалары осылар болса керек. Өздерінің таяқтарын ту көтеруге берген балалар да қатар да келеді...

Осылай жүріп келе жатқанда біреу:

— Ал, басталық өзіміздің жауынгерлік әнді! — деп өзі оны:

— Жолдастар, батыл сапка тұрындар... — деп көтере жөпелді. Өлең басталысымен-ақ бәрі реттеле бастады, аяқ алу тәртіппен кезектесіп, адамдар өзі өзінен төрт-төрттен сапка жүріп кетті. Бұл — енді жай шоғыр емес, Ленинді қарсы алу үшін сапка тізіліп келе жатқан колоннаға айналды. Осылайша Неваға келіп жеткенде: өзге аудандардан да осындай колонналар ағылып лек-легімен келе жатқаны көрінді. Жұмысшылар ағылып келеді. Тулары жоғары ұстап әскер бөлімдері де келеді. Оларды өкшелей кронштадт теңізшілері өтті, көшенің ортасымен айналапы жаңғырта бронды машиналар кетті.

Нева үстіндегі көпірге жеткенде колоннаның кідіруіне тура келді. Соңша енді көпір жұмысшылардың, әскер бөлімдерінің, матростардың колонналарын қаз-қатар, тез жіберуге тар соқты.

...Финляндия вокзалына жуықтағанда, колонналардың арасы мүлдем қосылып кетті. Барлық көшелер, бүкіл вокзал алаңы халыққа лық толған.

Бұдан енді: егер Уақытша үкімет Ленинді тұтқынға алмақ болса да (ол мұны істемек те болды) — халық оны бермейтіні анық болды.

Ымырт үйіріле бастады. Жұмысшылар күндіз ағаштың басына орап әзірлеп қойған майлы шүберектерін тұтата бастады. Әр ағаштың басында жалба-жұлба қызыл оттар жарқырады. Вокзалдарда прожекторлар жарқ етіп, бозғыл сәулелер мелшиген інір қараңғысын ақ найзадай сұққылады. Көк, қызыл оттардан айнала түрлене, салтанаттана және сәл кобалжый түскен сыяқтанады.

Вокзал маңы барған сайып тарылып барды: жұмысшылардың, жұмысшы әйелдердің, солдаттардың жаңа колонналары қаланың барлық аудандарынан толассыз ағылып жатыр, ағылып жатыр...

Бір кезде күшті дүсір естіліп еді, халық тебірене қалып қақ жарыла жол берді де, мұнарасында қызыл байрағы бар бронды машиналар бөрліге вокзалға беттеді.

Халық та тізе қоса, жалма-жан бронды машиналарды өкшелей вокзалдың үйіне ентелей түсті.

Вокзалдың қарсы алдында сарғыш-көкшіл сырмен боялған броневик маңқыяды. Оның айбатты мұнарасын прожектор жарқыратып тұр.

Осылайша тағы да бір аздаған уақыт өткеннен кейін, перронға поезд келіп тоқтасымен вагоннан Ленин шыға келді.

Халық ілгері ду лап берді — жұмысшылар, солдаттар, матростар Владимир Ильичті қолдан қолға көтерген бетімен вокзалдың залына алып кірді. Ленин залдан тез-тез адымдап алаңға шықты.

Алаңнан гүр еткен дыбыс естілді.

Сонан кейін бір тыныштық орнап қалды дейсің: түтіні будақтаған таяқ басындағы оттардың шытырының, өзі құлаққа тұнық естілді.

Жер қайысқан халық ортасындағы броневиктің биік мұнарасының үстінде, тұлғасы баршаға көрініп, Ленин тұрды.

Еңсесін алға беріп, ол үнсіз бірнеше секунд тұрды. Тулар мен плакаттар да адам айтқысыз көп еді, жарық та олардың бәріне бірдей толық түсіп тұрған жоқ болатын — сондықтан оқып қою да оңай емес еді. Өстіп тұрғанда прожектордың жарық сәулесі әріректегі бір қызыл матаға түсті де, онан ірі әріппен жазылған:

«Бізге Ленин келе жатыр. Жүріңдер, қарсы алайық!» — деген сөздер көрінді.

Бұл сөздер жазылған плакатты ұстап тұрғандар — басына қызыл орамал байлаған екі жұмысшы әйел еді.

Бұларды Ленин де көрді.

Ол өзін қарсы алуға келіп тұрған халқын да көріп тұр.

Осылайша жүрегі тебіренген ол фуражкасын алып жоғары көтерді.

Сонан соң фуражкасын дереу польтосының қалтасына сала салды да, ол кісі қолын ілгері көтеріп сөзін бастады, — есіткендердің еш қайсысы бұл кеште жазып алмаса да, кейін өмір бойы естерінде сақтап қалған сөзін бастады.

Халқымыздың есінде, адамзаттың есінде мәңгібақый қалған:

«Социалистік революция жасасын!» деген сөзді жұрт сол кеште есіткенді.

Аударған М. Нұртазин.

Қазақ искусствосының қамқоршысы

Бұл күнді ешуақытта да ұмыта алмаймын. 1936 жылы болатын. Үлкен Кремль Сарайының кең залы электр нұрына бөленген. Қазақ искусствосының онкүндігіне қатысушылар Сталин жолдаспен кездесуді күтіп отыр. Кездесу сағаты да жетті. Ұлы көсем өзінің жақын серіктерімен залға келіп, қазақ халқының искусствосы өкілдерін құттықтады. Ұлы көсемнің құрметіне соғылған қолшапалақтау көпке дейін басылған жоқ. Біздің бәріміздің назарымыз ұлы көсемнің әрбір қыймылына, көз қарасына аударылған.

Бұл сағатта мен өзімнің қаншалықты бақытты екенімді бұрынғыдан да айқын сезіндім. Ұлы адамның өңінен, сүйкімді жүзінен, жарқын бейнесінен, данышпан тұлғасынан көз алмай көп қарап, оның ұлы бейнесін жүрегіме мәңгі сақтап қалуға тырыстым.

Партиялық және мемлекеттік орасан көп жұмыстары болса да, Иосиф Виссарионович Сталин бізге, қазақ искусствосының өкілдеріне әкелік қамқорлық көрсету үшін бүгін әдейі осында келген еді. Ол қазақ артистерінің екі ойынына және ақырғы концертіне қатысып, оны зор сүйіспеншілікпен тындады.

Біз туған республикамызға қайттық. Сталиндік әкелік қамқорлықтың ыстық лебін ала келдік. Қазақ искусствосы өзінің жастығына қарамастан, Сталин көрсеткен жолмен өсіп,


өркендей бастады. Көп кешікпей-ақ маған ССРО-ның халық артисткасы деген атақ берілді.

Міне, біздің Сталин жолдаспен кездескенімізге 17 жыл болды. Осы жылдардың ішінде қазақтың искусствосы гүлденіп, өркендеді. Сол кездегі драмалық музыка труппасынан Қазақтың опера және балет театры жасалды. Бұл театрдың сахнасында ұлт операларымен қатар, орыстың классик композиторларының мәңгі өлмес шығармалары орындалады. Бұл операларда орыс халқының бай мәдениетінің, музыкасының сарқылмас бұлағы бар. Біз әруақытта осы мәдениеттен нәр алып отырамыз, біз әруақытта Сталиндік идеядан қуат алып отырамыз.

Совет халқы үлкен қайғыға душар болды. Ұлы көсеміміз, ақылшымыз, данышпан Сталин қайтыс болды. Бірақ оның өлмес ілімі мен айтқан өсиеттері, салып берген жолы мәңгі бізге мирас болып қалды. Біз Сталин салған жолмен өркендей береміз, сөйтіп көп ұлтты совет искусствосын дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы искусство етеміз. Сталин біздің әрқайсымыздың жүрегімізде мәңгі сақталады.

Күләш Байсеитова.

ССР Одағының халық артисткасы, Сталиндік сыйлықтың лауреаты.



АНТ ЕТЕМІЗ

— Иосиф Виссарионович Сталиннің жүрегінің соғуы тоқтады.

Неткен ауыр қайғы едін?

Жыйырмасыншы ғасыр күтпеген мұндай қайғылы хабарды естідің — құлағым, неткен бақытсыз ең; отыз жыл бойы көрмеген қайғы жасына көмілдің — көзім, неткен бақытсыз ең; ауыр қасірет отына екінші малындың — жүрегім, сен неткен бақытсыз ең!

Бұл жапаны жалғыз шексем аһ ұрып бұлай айтпас та едім, бір менің емес, барлық адал жүректі қабат соқты, бұл қасірет.

Бар жанның мұндай жараланғанын, бар көңілдің мұндай азаланғанын, бар көздің жасқа мұндай көмілгенін, бар жүректің қайғымен мұндай тебренгенін адам баласы екінші рет тағы көрді бүгін.

Азалы көңіл адал сөзін айтпай қалған емес. Біздің бүгінгі айтар анттай берік адал сөзіміз сол — Сталинді бермейміз ажалға, Ленинмен бірге жүректе мәңгі сақтаймыз. Өмір бойы айтар антымыз сол.

Жеңімпаз біздердің мұндай зор қайғыны да жеңе алатын ғажайып күшіміз бар. Ол — бәріміздің кеудеміздегі ұлы Сталиннің өзі, ол — Компартия. Біздер Сталиннің өзінен айрылып қаншама қасірет шексек те, оның жолынан, оның партиясынан ешуақытта айырылмаймыз, қашан да болсын айтар антымыз сол.

Қасірет тауы қанша кездесе де, кесіп өтіп ұлы Сталиннің өзі салып берген коммунизм жолымен, Компартиясының бастауымен алға баса береміз, қай кезде болсын айтар антымыз сол — Сталин қандай бол десе сондай боламыз.

Ұлы Сталиннің табытының басында ант берер елдің бірі сенсің, қазақ елі. Өйткені сен өмір бойы Сталинге борыштысың.

Сен кеше кім едін? Өміріңнің көгінде Ленин мен Сталиндей күнің жоқ кезде қандай ең? Әр тауды бір көбелеп, әр сайды бір паналаумен сары далада сарнай көшіп, қара түнекті кешіп жүруші ең. Рас, аспанның таңы саған да талай атқан-ды, аспанның күні саған да талай шыққан-ды. Бірақ сенің басыңдағы қара түнек сол таң атқан сайын, сол күн шыққан сайын түнере түсіп, сені езе беретін. Өйткені ол — адам баласы жаралғалы бірге өсіп бір ғасырдан бір ғасырға мұра болып келген қасірет түні болатын. Сол түнектен сені жарық дүниеге алып шыққан — Ленин мен Сталин.

Сол үшін мәңгі борыштысың.

Адам баласының бақытты болуын өздеріне төнген ажалдай көретін кәрі қорқау капиталистер бұдан 35 жыл бұрын, жарық дүниеге жана келген жас сәби саған да тап берді. Ол кезде сен аш та едің, жалаңаш та едің, қолыңда жөнді құрал да жоқ еді. Егер сол кезде Ленин мен Сталин қорғап қалмаса, сен ағылшын жыртқыштарының қанды тырнағына түсіп, өмір бойы құлдықта өтетін едің.

Сен сол үшін борыштысың. Сол үшін сенің ұрпақтарың да борышты.

Кешегі кезде сағым мен құйынның ойнағындай көрінетін өлі далаң бүгін тербелген теңіздей шалқып жатыр. Ол — шалқып жатқан сенің байлығың: жайлаудағы малың, жазықтағы егінің. Ол — гүл бақшаға бөленген мәдениетті ауылың, сәні мол салтанатты қалаларың. Ол — аспанның тіреуіндей көрінетін алып трубалар, сол трубалардың түбінен теңіздей тасыған алтын мен қорғасын, болат пен күмісін. Ол — бақшана кіріп гүлге, үйіңе кіріп нұрға айналып жатқан дариялар. Ол — сенің ырысың.

Сол үшін борыштысың.

Сенің әрбір қалаған кірпішінде, әрбір қаққан шегенде, әрбір еккен дөңінде, әрбір жайнаған гүлінде, әрбір жарқыраған сәуленде Сталиннің есімі бар. Сталинсіз көрген рахатың жоқ. Сталинсіз саялы панаң болған жоқ. Сталинсіз оқыған бала болған жоқ, Сталинсіз берік достығың болған жоқ. Сталинсіз тартылған бізде қалам жоқ, қаламды қозғар ой болған жоқ.

Сол үшін біз Сталинге мәңгі борыштымыз. Біздің ұрпақтарымыз да борышты.

Мүмкін, біз жүрегімізбен бірге соғатын алып жүректің соққанын енді естімеспіз. Бірақ қай кезде, қай майданда жүрсек те, ол бізбен мәңгі бірге. Ол қашанда болсын біздің алдымызда, барлық елдердің алдында. Бәрімізді коммунизмге бастап баратын да өзі, өзі мен Лениннің партиясы.

Партиямызды Сталин қандай сүй десе, сондай сүйеміз. Өмір бойы айтар антымыз сол.

Біз қандай сүйсек, ертең ұрпақтарымыз да сондай сүйеді, өйткені бақыт оларға да керек. Біздің Компартиясыз еш қайда бақыт жоқ, болуы мүмкін де емес.

Әлжаппар Әбішев

БАЛАЛАР КӨСЕММЕН ҚОШТАСТЫ

Бұл кеше ғана еді-ау... Май. Мерекелі Қызыл алаң. Көктем желі қырмызы қызыл жалауларды желбіретеді. Демонстрацияға қатысқандар мавзолейдің қасынан әндетіп өтіп жатыр. Трибунада өз серіктерінің ортасында Сталин тұр. Сабырлы, терең ойға шомған, жылы жүзбен күлімсіреді.

— Сталин! Сталин!— деп дауыстайды жұрт. Олардың жүзінде шаттық күлкі, бақыт, мейірбандық ойнайды.

Сонда, сол бір бақытты күнде қаршадай оқушы қыз трибунаға көтерілді. Сталин жолдасқа гүл ұсынғанда, сүйіспеншілік пен шаттыққа бөленген оның жүрегі қалай лүпілдеді десеңші;

— Балалардан! — деді қыз.

Қаршадай қыз бала Иосиф Виссарионовичтың мойнына, туған әкесінің мойнына асылып, ең жақын адамның көзіне үңіле қарады. Баланың бар ойын түгел түсінген Сталин оны құшағына қысты. Ол осы кішкентай қызбен бірге бүкіл Совет елінің балалары — өзі соншама еміренс жақсы көрген жас ұрпақты жүрегімен құшты.

Москва көшелеріндегі қаралы жалаулар үш күн, үш түн бойы желмен желбіреп тұр. Одақтар үйінің Колонна залы. Міне, топ баланың арасынан бір кішкентай қыз бөлек шықты. Ол алқымға тығылған өксігін сыртқа шығармау үшін ернін тістеп алған. Кішкентай қыз Иосиф Виссарионович Сталиннің табытына гүл апарып қойды.

— Балалардан, — деп қыз естілер-естілмес үнмен, сүйікті кескінен көзі бір айырмайды.

Сталин қыймылсыз жатыр. Сонау бір күндегідей қыз баланы құшағына алуға енді қол-

дары көтерілмейді... Көз жұмулы, жүз солғын.

Кішкентай қыз постаменттің баспалдағымен жайлап қана төмен түсіп келеді. Бала жүрегінің қайғы езген: Сталин арамызда енді жоқ.



Сталин тірі! Ол халықтың бүкіл ұлы істерінде жасай береді. Коммунистік құрлыстар іргесі көтеріліп сәулеттеніп келеді. Көктем мұзды күйретіп, қарды ерітеді де, сталиндік өзендер мен теңіздердің толқыны күмістей жарқырайды. Елімізде сталиндік жас ормандар көк жапырақ жамылады. Күн сталиндік мектептердің терезесіне жылы нұрын мол төгеді де, пионерлердің омырауындағы алқызыл галстуктер бұрынғысынан бстер құлпыра түседі.

«Ленин — Сталин ісі үшін күреске дайын бол» — мындаған пионер отрядтарында айттай санқылдап естіледі.

«Әрқашанда дайынбыз!»

М. Прилежанин.

Мәңгі жасайтын есім

Ұлы көсеміміз, совет балаларының сүйікті досы, әкесі қымбатты Иосиф Виссарионович Сталиннің жүрегі соғуы тоқтады.

Бұл ауыр қазаға біздің әрқайсымыздың, әрбір совет адамының, бүкіл совет халқының жүрегі күйзеле қайғырады. Бүгін тек совет халқы ғана емес, бүкіл прогресшіл адамзат, барлық елдердің еңбекшілері, жер шарының түпкір-түпкіріндегі барлық ізгі ниетті адамдар қайғырады. Ол түсінікті де, Сталин жолдас бүкіл прогресшіл адамзаттың кеменгер көсемі, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік туын жоғары көтеруші күрескер болды.

Сталин жолдас Ленинмен бірге қаһарман коммунист партиясын құрды, оны тәрбиелеп шыңдады. Сталин жолдас Ленинмен бірге Ұлы Октябрь Социалистік революциясын бастап дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекет құрды.

Сталин жолдастың асқан дана жігері совет халқын жеңістен жеңіске бастап, ұлы Отан соғысы жылдарында жауды талқандауды қамтамасыз етті, біздің совет адамдарының Сталиндік Конституция нұры астында бақытты өмір сүруін қорғап қалды. Сталин жолдастың дана басшылығы совет халқын коммунистік қоғам құрудың ұлы жоспарымен қаруландырды.

Лениннің туы астында, Сталиннің басшылығымен бұрын езіліп келген ұлттар совет халықтарының туысқан семьясы ішінде саяси, шаруашылық және мәдениет жөнінен мейлінше дамып, алдыңғы қатарлы социалистік ұлтқа айналды. Қазақстан еңбекшілері өзінің қолы жеткен бақыты үшін, халық шаруашылығы мен мәдениетінің орасан өркендегені үшін, совет елінің барлық халықтары сыяқты, Сталин жолдасқа және оның әкелік қамқорлығына әрқашан борышты.

Мен партиямыздың XIX съезіне делегат болып барып, Сталин жолдасты өз көзіммен көріп, өз құлағыммен есіттім. Осы қайғылы күндері Сталин жолдастың партиямыздың XIX съезінде сөйлеген сөзі тап бүгінгідей есімде. Ол кісі біздің партиямызды дүние жүзіндегі революциялық қозғалыстың және жұмысшы қозғалысының «Екпінді бригадасы» деп атап, капитал елдеріндегі туысқан коммунист партияларының жеңіске кәміл жететінін анықтап берді. Кеменгер көсеміміз өзінің осы сөзінде дүние жүзінде бейбітшілікті сақтаудың және нығайта берудің айқын жолын белгіледі.

Сталиннің берік сенімді және дем беруші

үні енді құлаққа естілмейді дегенге, Сталиннің жылы шырайын енді қайтып көрмейміз дегенге сену өте қыйын. Жок, ұлы дананың жүрегі соғуын тоқтатқанымен, оның жарқын бейнесі әрқайсымыздың жүрегімізде мәңгі сақталады. Ол кісінің қасиетті есімі коммунистік қоғам құрылысы жолында әрбір совет адамын ерлік пен еңбек етуге жігерлендіреді. Кеменгер ғалым Иосиф Виссарионович Сталин озат совет ғылымын үнемі өркендете беруге аталық қамқорлық жасады. Оның қамқорлығы, дана еңбектері совет оқымыстыларын әрқашан жаңалық ашуға, табиғатты адамның ырқына көндіріп, социалистік Отанның игілігіне қызмет етіруге рухтандырып келді және рухтандыра бермек.

Бұл қасіретті күндерде біз совет ауыл шаруашылығы ғылымының және оқу орындарының оқымыстылары ғылыми-зерттеу жұмыстарын бұрынғыдан да жоғары дәрежеге көтеріп, ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты күшейте беруге, сөйтіп, таяу уақытта республикамыздың барлық ауыл шаруашылығы өндірісінің салаларына ғылымның жаңа табыстарын таратуға ант етеміз. Біздер социалистік ауыл шаруашылығына жас маман кадрлар даярлау жұмысын бұрынғыдан да күшейте беруге, студент жастарымызды ұлы партиямызға, сүйікті совет үкіметіне шексіз берілу рухында тәрбиелеуге ант етеміз.

Сталин жолдас совет балаларына бақытты, шат өмір берді. Жас буынды тәрбиелеуге ол кісі үнемі қамқорлық жасады. Совет балалары бүкіл халықтық мерекеге пионерлердің әрқашан алқызыл гүл құшып, қызыл алаңмен жүгіре трибунаға көтеріліп, Сталин жолдасқа гүл ұсынғанын, гүлмен қоса көсемнің жас баланы мейірлене құшқанын ешуақытта ұмытпайды.

Естен кетпес бұл аталық мейірімде көсемнің балаларға деген аталық қамқорлығы айқын көрінетін. Сталиннің қамқорлығымен тәрбиеленіп келе жатқан жас буын кеменгер адамның есіміне лайық болып өсе бермек.

Сталин өлді деуге сену қыйын. Бірақ, ұлы адамның есімі әрбір ұлы істе, әрбір адамның жүрегінде мәңгі жасай береді. Ол ұлы коммунист партиясымен бірге, миллиондаған совет халқымен бірге жасай береді. Ол өзі мәпелеп өсірген жас ұрпақпен бірге жасай береді.

Фазыл Мухамедғалиев
СОКП XIX съезінің делегаты



Алматының 56-мектебінің оқушылары И. В. Сталин жолдастың суретінің қасында құрметті қарауылда тұр.

Тіл туралы Сталиндік ілім

Адамзаттың көсемі Иосиф Виссарионович Сталин ғылымның барлық саласының асқан білгіші және ойшылы болды. И. В. Сталинге тән ұлылық қасиеттің бірі осы еді.

И. В. Сталин тілге айрықша мән берді. Тіл мәселелеріне арнап бірнеше еңбек жазды. Өйткені қоғамды дамытуда тілдің ерекше ролі бар. Адамдар — қоғам мүшелері — бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатнас жасайды. Олар бір-бірімен тіл арқылы түсініседі, пікір алысады. Сөйтіп, адамдар қоғамды дамытуда бірлесіп еңбек етеді. Олар өздеріне қажетті материалдық игілік өндіруде де тілді қару етеді, тіл арқылы — сөйлесу арқылы — ұғынысады. Табиғат күштерін өздеріне бағындыру үшін де тіл арқылы қарым-қатнас жасайды. Олардың

ішкі-сыртқы жаулардан қорғануы үшін де, оларға қарсы күресуі үшін де бір-бірімен түсінісетін құралы — тіл.

Сондықтан И. В. Сталин «Тіл — күрес пен дамудың құралы» деп, тілді жоғары бағалады.

Тілдің маңызы осындайлық орасан зор болғандықтан, кеменгер Иосиф Виссарионович тіл туралы ғылымның өсіп, дамуына ерекше назар аударды. Тіл туралы ғылымның қағидаларын, теориялық негіздерін өзі жасап берді. И. В. Сталиннің «Марксизм және тіл білімі мәселелері» деген кітабы 1950 жылы июнь айында басылып шықты. Кітап көлемі жағынан шағын ғана. Ал бірақ мазмұны жағынан ол сан мыңдаған кітапқа бергісіз. Онда нелер асыл ойлар бар. Онда ұлы көсем өзіне тән ғана данышпандықпен шешкен саналуан ғылыми қағидалар бар.

Бұл еңбек жарияланғаннан бері бүкіл халық, дүние жүзіндегі прогресшіл ғалымдар советтік тіл білімін Сталиннің есімімен атайтын болды. Бұл ғылым қазір — Сталиндік тіл ғылымы делінеді.

Тілдің қоғамды ілгері қарай дамытуда ерекше маңызы бар болғандықтан, И. В. Сталин әрбір халықтың, әрбір ұлттың ана тілінің дамып, жетілуіне аса зор мән берді. Көп ұлтты Совет Одағындағы барлық халықтардың тілдерінің байып, жетілуіне, өркендеп, өсу, толықтырылу мәселелеріне әкелік қамқорлық жасап отырды.

Ұлы Октябрь Социалистік Революциясынан бұрын ескі Россиядағы халықтардың тілдерін елеп, ескерген ешкім де болған емес. Россияда қанша халық бар, олардың тілдері қандай деген мәселелер зерттелмеген еді. Оның себебі патшалық Россия ол халықтардың өркендеуіне, олардың тілдерінің байып дамуына көңіл қойған жоқ. Қайта, аз халықтардың тілін жоюға, өшіруге тырысты. Мектепте ұлт тілдерінде сабақ оқытылмады. Бұл тілдердің өзіндік жазуы да болмады. Сондықтан халық қараңғы болды.

Октябрь революциясы патшалық Россия тұсында езіліп жаншылған, азап көрген халықтарға жаңа өмір, жаңа бақыт берді. Лениндік — сталиндік ұлт саясаты жүзеге асты. Бұл саясатты жасаушы адам — кеменгер ұлы СТАЛИН.

Иосиф Виссарионович Сталин Совет Одағындағы барлық халықтарға әкелік қамқорлық жасады. Сталин бастаған коммунистік партияның басшылығымен әр халықтың ана тілінде мектеп ашылды. Әрбір халықтың өз тілінде газет-журналдар, кітаптар шығатын болды. Ана тілінде оқулықтар басылды. Әрбір халықтың тілін зерттеуге айрықша көңіл бө-

лiндi. Оны қалай зерттеу керектiгiн Ұлы Сталин өзi айтып бердi.

И. В. Сталин әрбiр тiлдi сол тiлдiң өзiн жа-сап, оны қолданушы халықтың мәдениетiнiң түрi деп үйреттi. Мәдениеттiң бұл түрiн әрқа-шан жетiлдiрiп, дамытып отыру керектiгiн айтты.

Ол тiлдi байытуға, оның сөздiк қорын, сөз-дiк құрамын молайтуға айрықша көңiл бөлдi. Өйткенi тiлдiң байлығы, оның орамдылығы, әсерлiлiгi сол тiлде сөйлеушi халықтың мәдени дәрежесiнiң өскендiгiн, дамығандығын көрсетедi.

Қазақ тiлi сталиндiк әкелiк қамқорлық ар-қасында Октябрь революциясы орнағаннан бергi отыздан аса жыл iшiнде орамды, сөз байлығы мол, шұрайлы, тартымды тiлдердiң бiрiне айналды. Қазақ тiлiнiң мұндай дәреже-ге жетуiнiң негiзгi бiр арнасы — марксизм — ленинизм классиктерiнiң даналық шығармала-рының қазақ тiлiне аударылуы. Соның iшiнде И. В. Сталиннiң данышпандық еңбектерi қа-зақ тiлiнiң орамдылығын аса жоғары сатыға көтердi, қазақ тiлiнiң байлығын арттырды.

И. В. Сталин әрбiр тiлдiң грамматикасының маңызының орасан зор екендiгiне ерекше на-зар аударды. Ол әрбiр тiлдiң негiзгi сөздiк қоры мен грамматикалық құрылысы сол тiлдiң негiзi болады деп үйреттi. Тiл грамматикасы-ның ролiн өзi айтып бердi. Тiл грамматикасы-ның екi тарауы болатынын, оның бiрi — мор-фология, екiншiсi—синтаксис екендiгiн түсiн-дiрдi. Грамматиканың сөздердi өзгерту ереже-сiн белгiлейтiн бөлiмi морфология, сөздердiң сөйлемге тiркесу ережесiн белгiлейтiн саласы синтаксис екендiгiн ғылыми дәлелдедi. Тiлдi бi-лу үшін, оның негiзiн ғылыми түсiну үшін тiл-дiң грамматикасын — морфология мен синтак-сисiн зерттеу, соны жақсы бiлу қажеттiгiн айтты. И. В. Сталин өз шығармаларында тiл-дiң грамматикасын жетiк бiлу қажеттiгiнiң данышпандық үлгiсiн көрсеттi.

И. В. Сталин iске жеңiл-желпi қарауды мүл-дем жек көретiн. Iстiң жайын бiлмейтiн адам-ды өткiр, қатты сынайтын. Өзiнiң сұрақтарына қысқа, ешбiр жалтарусыз, тiке және тыңғы-лықты жауап бергендi сүйетiн. И. В. Сталин сауатсыздықты аса жек көретiн.

Атақты конструктор Александр Сергеевич Яковлев И. В. Сталин жолдаспен қызмет жү-зiнде көп iстес болған. И. В. Сталиннiң тiл-ге және оның грамматикасына аса зор мән бе-ретiндiгi жөнiнде А. С. Яковлев былай дейдi:

«...Бiр ретте ол кiсiнiң айтқаны маған жа-зуға тура келдi. Мен аса зейiн қойып, ешқан-дай грамматикалық қате жiбермеуге тырыстым. Ол айтып жүредi де, бiр кезде жазып отыр-ғаныңызға ту сыртыңнан көз салып, доку-менттiң қалай шыққанын байқайды. Кенеттен ол тоқтады да, жазылған қаразға қарап тұ-рып, менiң қарындаш ұстаған қолыммен үтiр қойды.

Екiншi бiр ретте мен сөйлемдi онша дұрыс құра алмаппын. Сталин сонда былай дейдi:

— Сiздiң бастауышты баяндауыштан кейiн қойғаныңыз қалай? Сiз сiрә бастауышпен қы-рын қабақсыз-ау. Былай болу керек! — деп өзi түзедi.

Осыдан кейiн мен орыс тiлiнiң грамматика-сын аса зейiн қойып, бiрнеше рет оқып шық-тым.»

И. В. Сталин ойды дұрыс құрастыруға зор маңыз беретiн. Бiреумен әңгiмелесiп отырған-да болсын, өзi жазған шығармаларында, сөйлеген сөздерiнде болсын, тарихтан, мифо-логиядан, классикалық әдебиеттерден лайық-ты мысалды келтiрiп отырғанды ұнататын. Оның сөздерi әдеби мысалдарға үнемі бай ке-ледi. Нелер асыл сөз, нелер нақылдар, макал-дар мен мәтелдер И. В. Сталин шығармала-рынан көп табылады. Оның кез келген қарапайым деген сөзi мен сөйлемi нақылға айналып кеттi. Ойының айқындығы, тұжырым-дылығы мен терең мағналығы, сөз қолда-нудағы шеберлiгi, ықшамдығы жағынан И. В. Сталиндей кемеңгер адам тарихта бол-ған емес.

Балалар! Тiлдi қадiрлеудi, оның байлығын шебер қолдануды, оны ғылыми зерттей бiлудi И. В. Сталиннен үйрену — сендердiң қасиеттi мiндеттерiң. Кемеңгер көсем И. В. Сталиннiң өмiрi мен қызметi, тiл жөнiндегi данышпандық шығармалары — сендердiң бiлiм иесi, iрi ға-лым, мәдениеттi, сауатты адам болып шығу-ларыңның қайнар көзi, сарқылмас бұлағы.

Ә.меди Хасенов

Бұрынғыдан да жақсы оқыйың

Ошша ұзақ уақыт өткен жоқ, 1952 жылдың I-майында мен қымбатты Иосиф Виссарионович Сталинді қатты құшақтап сүйген едім. Ол өте қуанышты, көңілді еді. Мен Москва оқушыларының атынан оған гүл ұсындым. Сол сәтте мен өзімді дүние жүзіндегі ең бақытты адаммын деп есептедім.

Міне ойда жоқта Сталин қайтыс болды. Бұл жанға қатты батады. Бірақ бұл қайғыға мойымай, біз, оқушылар, бұрынғыдан да жақсы оқыймыз. Иосиф Виссарионовичтің тілегі де осы болатын.

Вера Кондакова,
2-класс оқушысы. Москва, 612-мектеп.

СТАЛИН МӘҢГІ ЖҮРЕКТЕ

Өзі өлсе де, өлмейді нұры бірақ,
Нұры оның таудан өтпек, суды бұрмақ,
Көсемнің өшпес нұры бар әлемге,
Коммунизм нұры боп жайнап тұрмақ.
Қайғырдық қазасына үлкен-кіші,
Өлмейді, мәңгі жасап жеңісті ісі.
Партия төңірегіне топталамыз,
Отанның арта түссін жойқын күші.

Күлекен Таукенова,
Молалы станциясы. 5-класс оқушысы.

КӨСЕМ СУРЕТІ

Мектепте көсем суретін
Көремін де қуанам.
Көсемнің дана өсиетін
Еске алам да, жұбанам.

Арғын Қанағатов,
Талдықорған облысы, Алакөл ауданы,
1-мектеп оқушысы.

Кузьминкидегі үй


Мен Люблино қаласындағы балалардың сәулет өнері үйірмесіне қатысып келемін. Біз бір кезде Владимир Ильич Ленин тұрған Москва төңірегіндегі үйлерді суретке түсіруді ұйғардық. Саша Сидоров Подольскідегі үйді, екінші бір балалар Лесные Полянадағы және Костино қаласындағы үйлерді салды.

Мен Кузьминкидегі үйді салуды дұрыс көрдім. Ленин бұл үйге Елизаров семьясына қонаққа жиі келіп тұрған. Бұл үй атамзаманғы жөке ағаштарының ортасында тұр. Мен сурет салып жатқанда, қасыма шулап көп бала келді. Олар да, өзім сыяқты, суреттің жақсы шығуын тіледі.

Артынан мен салған суретімді линолеумге ойып түсірдім. Осылай салған гравюраны мен жақсы көремін, менің акварельмен салған суретімнен гөрі линолеумге ойып салған суретім жақсырақ шығады.

Қазірде Ленин есіміне байланысты жерлердің суреті үйірмемізде көп-ақ.

Витя Быстров,
Москва облысы Люблино қаласы.



Бұл күнді мен ешқашанда ұмытпаймын

I

Мен Тбилисиде тұрамын, үшінші грузин мектебінде оқыймын. Мен біздің пионер отрядымызда звено вожатыймын. Быйыл мен барлық пәннен озат оқып жүрмін. Мені оқу озаты ретінде грузин делегациясы құрамына сайлап, Москваға жібергеніне мен өте мақтаныштымен. Менің сапарымда маған ең күшті әсер еткені Сталин жолдаспен кеңескен күнім болды. Бұл күнді ешуақытта да ұмытпаймын.

II

Ол былай болған еді.

19-март күні, күндізгі сағат 4 те біз Кремль залында отырдық. Есік ашылып, залға Сталин жолдас кірді. Одан кейін Молотов, Ворошилов, Калинин, Микоян, Андреев жолдастар келе жатты. Бәріміз орнымыздан түрегеліп, қолшапалақтадық. Менің өмірімде тұңғыш рет қатты қолшапалақтағаным осы болар.

Мәжлісті Молотов жолдас ашты. Ол бізді Грузияда совет өкіметінің орнағанына 15 жыл толуымен құттықтады.

Менің де сөйлейтін кезім таяп қалды. Мен қатты қысылдым. Бірақ мен трибунаға көтерілгенімде Сталин жылы жүзбен маған қарап, басын изеді, мен бірден тыныштала қалып, сөйлеп кеттім.

Мен Советтік Грузияның пионерлері мен оқушылары атынан Сталин жолдасты құттықтадым. Мектебіміз жайлы, өзімнің оқу озаты екендігімді де айтып өттім.

Мен сөзімді бітіргенде жыйналғандар маған қол соқты, ал Сталин жолдас менің қолымды қысты.

III

Үзілісте маған Сталин жолдастың мені өз үйіне қонаққа шақырған хабарын айтты. Мен өте қуанып кеттім де, сол бойда Сталин жолдастың үйіне бардым.

Сталин жолдас мені жылы шыраймен қарсы алды, өзінің қызы Светланамен таныстырды. Ол да оқу озаты екен. Светлана маған өзінің ойыншықтарын көрсетті. Үзіліс аяқталған кезде мен Светланамен қоштастым да, залға қайтып келдім.

Аттанар алдында біздің бәріміз де сыйлыққа сағат және пластинкаларымен патефон алдық. Біздің сүйікті Сталин жолдаспен кездескенімді айтып, мен жолдастарыма Москвадан хат жаздым.

Этери Гванцеладзе

МАЗМУНЫ

Беті.

| | |
|---|----|
| Совет Одағының Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінен, ССР Одағының Министрлер Советінен және ССРО Жоғарғы Советі Президиумынан | 2 |
| I. Мәмбетов — Қайғылы күні (өлең) | 3 |
| Михаил шолохов — Қош бол, әке | 4 |
| П. Ангелина — Сталин жүрегімізде мәңгі жасайды! | 5 |
| П. Павленко — Сөздің күші (әңгіме) | 6 |
| А. Яковлев — Қарапайым, ұлы адам туралы | 8 |
| Х. Ерғалиев — Балалардың ұлы досы | 10 |
| Сәбит Мұқанов — Мәңгі бірге (өлең) | 12 |
| Ж. Молдағалиев — Лениннің — Сталиннің партиясына (өлең) | 14 |
| А. Шәмкенов — Алға (өлең) | 14 |
| И. Жылқайдаров — Бірге соқты жүректер (өлең) | 14 |
| М. Әлімбаев — Ұлы есім (өлең) | 14 |
| А. Кононов — Халық сүйіспеншілігі (әңгіме) | 15 |
| К. Байсентова — Қазақ искусствосының қамқоршысы | 17 |
| Ә. Әбішев — Ант етеміз | 18 |
| М. Прилежаева — Балалар кесеммен қоштасты | 19 |
| Ф. Мұхамедғалиев — Мәңгі жасайтын есім | 20 |
| Ә. Хасенов — Тіл туралы сталиндік ілім | 21 |
| В. Быстров — Кузьминкидегі үй | 23 |
| В. Кондакова — Бұрынғыдан да жақсы оқыйық | 23 |
| К. Таукенова — Сталин мәңгі жүректе (өлең) | 23 |
| А. Қанағатов — Көсем суреті (өлең) | 23 |
| Ә. Гванцеладзе — Бұл күнді мен ешқашан да ұмытпаймын. | 24 |

Редколлегия мүшелері:
Айдарбеков Ә., Баранов Қ.,
Дарқанбаев Т., Ибраева А.,
Қыйрабаев С. (редактор),
Нұртазин М., Нұрқатов А.,
Нүсіпов А.

Технический редактор: И. Соскин

г. Алма-Ата, проспект Сталина,
дом № 79, редакция журнала «Пионер».

Бағасы 1 сом.

Подписано к печати 1/IV-1953 г.
УГ03509. Бум. 84×108/16—0,75 бум.
2,46 п. л. Тираж 16 000. Полиграфкомбинат Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР.
г. Алма-Ата. Заказ. № 511.





Алматы. И. В. Сталин жолдастың театр алаңындағы ескерткішіне жыйналған қайғылы халық

И. СТАЛИН
СОЦИАЛИЗМ
①

И. СТАЛИН
ШЫҒАРМАЛАР
②

И.В. СТАЛИН
ПАРТИЯНЫҢ
XIX СЪЕЗДИНДЕ
СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

И. СТАЛИН
ГОД ВЕЛИКОГО
ПЕРЕЛОМА

ИСТОРИЯ
ВСЕСОЮЗНОЙ
КОМУНИСТИЧЕСКОЙ
ПАРТИИ
СОСТАВИТЕЛЬ
И. СТАЛИН

КРАТКИЙ КУРС
И
ПРАКТИЧЕСКОЕ РУКОВОДСТВО
К РАБОТЕ КОЛЛЕКТИВНОГО ЧЛЕНА

МВК ТАШКЕНТ 1949


И. СТАЛИН
ДОКЛАД О ПРОЕКТЕ
КОНСТИТУЦИИ
СОЮЗА ССР

И. СТАЛИН
ССР ОДАҒЫНДА
СОЦИАЛИЗМНИҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ПРОБЛЕМАЛАРЫ

ТАШКЕНТ 1949

И. СТАЛИН
ЛЕНИНИЗМ
МӘСЭЛƏЛƏРİ

ВИЛЕНИН
И.В. СТАЛИН
О СОЦИАЛИСТИЧЕСКОМ
ГОСУДАРСТВЕ
И СОВЕТСКОЙ
ДЕМОКРАТИИ

И. СТАЛИН
МАРКСИЗМ
И ВОПРОСЫ
ЯЗЫКОЗНАНИЯ

И. СТАЛИН